

Г.А. Илиясова, Е.С. Кәрібаев

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: G.Iliasova@mail.ru)

Банк қарызы шартын құқықтық реттеудің кейбір сұрақтары

Мақалада Қазақстан Республикасында банк қарызы шартын жасасу тәжірибесінде кездесетін клиенттің құқықтарының бұзылуына қатысты мәселелер қарастырылды. Сот тәжірибесіне жүргізілген жалпылама талдаулар нәтижесінде белгілі болғандай, банк қарызы шартында клиенттің құқықтарын бұзатын жағдайлар жиі кездеседі, бұлар: несие беру қызметін көрсеткені үшін комиссия өндіру, теңгемен берілген банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені және төлемдерді АҚШ доллары курсы бойынша индекстеуге жол беру секілді құқықбұзушылықтар. Тәжірибеде соттар несиеге қызмет көрсету дербес банктік қызмет көрсету деп есептелмейді деп таныған, сондықтан несиеге қызмет көрсету үшін комиссия тағайындау жарамсыз болып табылады. Сол сияқты банктің қарыз алушы есебінен баю бойынша әрекеті заңсыз, себебі ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 34-б. сәйкес, кез келген валютаның баламасына танылып, теңгемен берілген банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені және төлемдерді индекстеуге жол берілмейді.

Кілт сөздер: банк, қарыз, несие, банк қарызы шарты, банк заемы шартының құқықтық табиғаты, сот тәжірибесі, комиссия, сыйақы.

Банк қарызы шарты (*contract of loan*) – азаматтық-құқықтық шарт, ол бойынша бір тарап (несие беруші) екінші тараптың (қарыз алушының) меншігіне ақша немесе туынды белгілермен анықталған басқа да заттарды береді, ал қарыз алушы несие берушіге сондай соманы (қарызды) немесе дәл осындай ақша сомасын немесе осы тектегі және сападағы заттардың тең мөлшерін уақытында қайтаруға міндеттенеді.

Банк қарызы шартының ерекшеліктері келесідей:

Біріншіден, банк заемы – заем (қарыз) шартының бір түрі. Банк заемы шартына ҚР АҚ-нің 728-б. көзделген ерекшеліктерімен қоса, заем шартына қатысты ережелер қолданылады (ҚР АҚ 727-б. 3-б.).

Екіншіден, банк заемы шарты — консенсуалдық шарт. Оның ерекшелігі, несие беруші қарыз алушыны төлемге қабілетсіз деп тану тәртібі бұзылған жағдайда немесе қарыз берушіге берілетін сома уақытылы қайтарылмайтынын растайтын басқа да мән-жайлар орын алғанда, шартпен қарастырылған несиені толық немесе жартылай беруден бастартуға құқылы болады. Сонымен бірге қарыз алушы да заңмен, басқа да құқықтық актілермен немесе шартпен басқаша қарастырылмаса, несие берушіні шартта белгіленген мерзімге дейін ескерте отырып, несиеден толық немесе ішінара бастартуға құқылы.

Үшіншіден, банк заемы шарты екі-немесе көпжақты болады. Банк заемы шартының екіжақтылығы консенсуалдық сипатқа ие болуымен байланысты.

Банк заемы шартының көпжақтылығы несиелендірудің қазіргі нысанына байланысты, яғни бір банктің күші жетпейтін ірі көлемді несиеге – консорциумдық несие беру жағдайында орын алады.

Төртіншіден, банк заемы шартының тараптары болып несие беруші мен қарыз алушы табылады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, несие беруші ретінде лицензиясы бар ҚР Ұлттық банкі, коммерциялық банктер, қыржылық-несиесі мекемелері бола алады.

Бесіншіден, банк заемы шарты әрқашанда өтеулі. Қарыз алушы қарыз нысанасын пайдаланғаны үшін шартта айқындалған мөлшерде қарыз берушіге сыйақы төлейді. Сыйақының мөлшері шартпен білгіленеді.

Алтыншыдан, шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанды сақтамау банктік қарыз шартының жарамсыздығына әкеп соғады. Несиесі беруші мен қарыз алушы шартқа қол қойған сәттен бастап шарт жасалды деп есептеледі.

Жетіншіден, банк заемы шартының пәні – ақша (ұлттық немесе шетел валютасы). Банк заемы шарты бойынша борыш есебіне тектік белгілерімен айқындалған заттарды қабылдаумен; заттар заемы шарты бойынша борыштың есебіне ақша қабылдаумен орындауға тыйым салынады.

Банкпен тұрақты несиені қатынасын орнатқан, жақсы беделге ие қарыз алушыларға несиені алу үшін тапсыруға тиіс құжаттардың тізімін банк қысқартуы мүмкін. Қажеттілік болған жағдайда банк қарыз алушының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы аудиторлық ұйымдардың қорытындысын, қарыз алушының есеп айырысу, ссудалық және валюталық есеп шоттары ашылған банктердің атауын, олардың ссудалық қоржынындағы қарыздардың жіктеуі көрсетілуімен ссудаға берешектерінің көлемін, сондай-ақ банк тәжірибесінде қабылданған үлгілер бойынша несиені уақытында қайтаруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді: кепілдік міндеттемесін, кепілдік беру хатын, қарсыкепілдікті, кепілдік берушілікті талап етуі мүмкін.

Банктің несиені беру бөлімі несиені беру мәселелері бойынша құжаттарды дайындау және өткізумен байланысты бүкіл жұмысты басқарады, несиені берумен байланысты өзге де қызметтердің жұмысын үйлестіреді және қарыз алушылар тапсыратын мәліметтердің жеделдігі мен сенімділігіне жауап береді.

Несие беру кезінде несиені беру бөлімі мамандарының құзырына несиені ресурстарының болуын, несиені алу үшін қажетті тапсырылған құжаттардың толықтығын қарау, тапсырылған техникалық-экономикалық негіздеу есептерінің шынайылығын анықтау мен қарыз алушының несиені төлеу қабілетін талдау, сондай-ақ ссуданы қайтармауға әкелуі мүмкін факторларды зерттеу кіреді.

Несие бөлімінің қызметкерлері заң бөлімінің заңгер мамандарымен бірлесе отырып, олардың құқықтық мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындау үшін клиенттердің заңдық істерін зерттейді. Контрактте мұқият зерттеледі және оған жеткізудің базистік жағдайлары, мерзімдері, төлем валюталары, төлем (есеп айырысу) формалары бойынша құқықтық баға беріледі және ол бойынша қажетті заң талаптарының сақталған-сақталмағандығы анықталады. Сол арқылы қарызды кепілге берушінің немесе мүлкі арқылы кепілдік берушінің меншік құқығы белгіленеді. Банктің заң қызметі несиені алу өтініштерін қарау, несиені келісімдерін, кепілдік шартын жасау, қойылған мүлікті өткізу кезінде құқықтық қолдау көрсетеді.

Қандай бір себептермен ссуданы беру мүмкін болмаған жағдайларда, бұл туралы жазбаша түрде дәлелді қорытынды беріледі және ол банк жетекшісінің немесе банктің алқалы органы – несиені беру комитетінің қарауына беріледі. Несиені беру бөлімінің және банктің басқа қызметтерінің қорытындысы несиені беру туралы мәселені несиені комиссиясына немесе банк басқармасына ұсыну үшін негіз болып саналады. Несиені беру комиссиясы немесе банк басқармасы, жекелеген жағдайларда банктің жетекшісі оң шешім шығарған кезде, заң қызметкерлері кепілдік туралы шартты, ал несиені беру бөлімі – содан кейін банк жетекшісі қол қоятын несиені келісін (шартты) дайындайды.

Несие берудің қазіргі тәжірибесінде банк несиені беру ссудалық есеп шоттардың әр түрлі үлгілерінен (типтерінен) беру мүмкіндігіне рұқсат етіледі. Мұндай жағдайлар кезінде түсімдер арнайы ссудалық есеп шотқа қабылданып, содан кейін өткізілген тауарлар мен өнімдердің жалпы кірістерінің үлесі шаруашылық органдарының банктік есеп шоттарына аударылады. Тауар-материалдық құндылықтардың айналым жасаушылығын баяулатуға жол бермейтін және өтпейтін, жатып қалған материалдық құндылықтарды жинақтайтын сауда, дайындау, жабдықтау және өткізу ұйымдарына несиені осындай тәртіпте берілуі мүмкін.

Несие шартынан туындайтын, беруге жататын несиені мөлшерін анықтау – бұл мәселенің заңды жағы ғана. Клиентке берілетін несиені көлемі клиенттің өз өтінішіне қатысты болады. Сонымен бірге клиенттің белгілі мөлшерде ссуда беру туралы өтініші несиені қайтарудың нақты мүмкіндіктерімен, банктің нақты есептеулерімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Қарыз алушылардың қайта құрылуы кезінде (қосылуы, бірігуі, бөлініп шығуы, бөлектенуі және қайта құрылуы) олардың құқығы мен міндеттері жаңадан пайда болған субъектіге өтеді.

Қарыз алушы таратылған жағдайда құқықты иеленушілік болмайды және банк Қазақстан Республикасының Азаматтық заңдылықтарына және «Банкроттық туралы» Заңға сәйкес банктің ссудалық қарыздарын өтеу туралы тарату комиссиясына талап білдіруге міндетті.

Тәжірибе сондай-ақ несиені қайтарудың өзге де нұсқаларын туғызуы мүмкін, ондай нұсқалардың қатарына кейінге шегерілген, кешіктірілген және несиені мерзімінен бұрын қайтаруды жатқызуға болады.

Соңғы жылдары банктердің қарыз алушыларға қатысты банк алдындағы қарыздардың өтелмеуіне байланысты талап арыздары бойынша сот істерінің саны біраз өскені байқалады. Осыған орай ҚР Жоғарғы Соты несиені міндеттемелерін орындаумен байланысты құқықтық дауларды қарау бойынша сот тәжірибесін біріздендіру мақсатында 2016 ж. 25 қарашада «Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасы туралы» № 7 Нормативтік қаулысын қабылдады [1].

Нормативтік қаулыда «соттардың банктік қарыз шарттарынан туындайтын дауларды шеше отырып, шартты жасасу кезінде қолданылып отырған заңнамада белгіленген тараптар үшін міндетті қағидаларға (императивтік нормаларға) сәйкес келуі тиіс банктік қарыз шартының талаптарын мұқият зерттегені жөн» деп атап көрсетілген.

Жалпыға белгілі, банктер қарыз шартын жасаған кезде «несие беру қызметін көрсеткені үшін комиссия» өтеуді клиентке міндеттейді. Мұндай істер сотта бірнеше рет клиенттердің талап қоюлары бойынша соттарда қаралып, бүгінгі күні сот прецеденті қалыптасып отырған жайы бар. Сот тәжірибесінде банктік қарыз шартының осы аталған жағдайларын жарамсыз деп тану туралы шешімдер шығарылған істер де кездеседі. Мәселен, талапкер М. Атырау қалалық сотына банктік қарыз шартының несиесі беру қызметін көрсеткені үшін комиссия өндіру туралы пунктін жарамсыз деп тану туралы Банкке талап қоя отырып жолданған. Істі қарау барысында сот тараптар арасында банктік қарыз шарты жасалғаны, онда бір пунктте несиесі беру қызметін көрсеткені үшін комиссия өндіру қарастырылғаны анықталған. Сот заңнамамен бұндай дербес банктік операция түрі – несиесі беру қызметін көрсету қарастырылмаған деп атап көрсетеді. Банктік қызмет көрсету, кез келген басқа қызмет көрсету секілді, қарыз алушының тұтынымын қанағаттандыруға бағытталған. Сол себепті талапкер М.-ның талабы қанағаттандырылып, банктік қарыз шартының несиесі беру қызметін көрсеткені үшін комиссия өндіру туралы пунктін заңсыз деп танылды және жауапкерден (Банктен) талапкердің (азамат М.-ның) пайдасына несиесі беру қызметін көрсеткені үшін комиссия бойынша төленген артық соманы өндіру міндеттелген [2].

Осындай ұқсас талаптар республиканың басқа да соттарымен қарастырылған: Банк несиесіне қызмет көрсеткені үшін клиенттен комиссия ұстап қалу фактісі бойынша шешім шығарып, сот несиесіне қызмет көрсеткені үшін ақы белгілеу мәселесіне қатысты шарттың жағдайын жарамсыз деп тану туралы қарар жасаған. Шешімде несиесіне қызмет көрсетуді дербес банктік қызмет көрсету ретінде түсінбеу қажет деп сот атап көрсетеді, себебі бұдан басқа банк сыйақы алады [3]. Банктерде ұсынылған қарыз шартының үлгісінде клиенттен әр ай сайын ссудалық шотқа қызмет көрсеткені үшін комиссия өндірілетіні туралы жағдай қарастырылады. Ссудалық шот – бұл банктік шот, қарыз алушының атына ашылады. Осы шотқа клиентке ақша аударылады. Кейін осы шотқа клиент несиесі төлемдерін енгізіп отырады. Ұлттық банктің 2012 ж. 9 ақпандағы № 667/206/740 хатында бұндай комиссияның өндірілуі құқыққа қайшы деп түсінік берген. Ссудалық шот – бұл баланстық (есептік) шот, яғни ақша қаражаттарын бухгалтерлік есептеу тәсілі, банктік шот болып табылмайды. Сондықтан оны ашу банктік операцияға жатпайды деп түсіндірген. Бірақ кейбір банктер ссудалық шотты жүргізгені үшін комиссияны «несиесіне қызмет көрсету комиссиясы» деп атын өзгертіп алған деп пайымдайды заңгерлер [4]. Тәжірибеде егер шарттың мазмұнында осындай жағдай қарастырылған болса, шарт жасалмастан бұрын клиент келіспесе, онда банк несиесі беруден бастартады. Ал егер шарт бұндай жағдайлармен жасалған болса, кейін шотты жүргізгені үшін ақы төлету туралы шарттың тармағын жарамсыз деп тану туралы талап арызбен клиентпен сотқа жолдана алады.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, соттар өсімді әлдеқайда азайтады, ал кейбір жағдайларда банктерге талапты қанағаттандырудан бастартады.

Банктің тарапынан клиенттердің құқықтарын аяқасты етіп, қарыз алушы-клиенттің есебінен баю амалдарын заңсыз қолданатын жайттар да аз емес. Мәселен, Маңғыстау облысы Ақтау қаласында № 2 сотта Банктің жауапкер – жеке тұлғалардан негізгі қарыздың сомасын – 6 982 192,33 теңге, индексациялау мөлшері – 11 409 403,66 теңге, барлығы – 18 391 595,99 теңге көлемінде соманы өндіру туралы талап арыз қаралған. Азаматтық істі қарау барысында сотпен анықталғандай, Банк 21 905 000 теңге мөлшерінде, 120 ай мерзімге несиесі берген, несиені пайдаланғаны үшін сыйақы көлемі жылына 13 % және индексациялау шарты қарастырылған. Банк пен жауапкер арасында жасалған Банктік қарыз шартында АҚШ долл. курсына қатысты төлеу күнінде ай сайын индексация қарастырылған. Бірақ, Банк ҚР «Банктер және банктік қызмет туралы» Заңының 34-бабы бойынша, «кез келген валютаның баламасына таңылып, теңгемен берілген банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені және төлемдерді индекскеуге жол берілмейді». Осыған байланысты шарттың жағдайлары мен заңның талаптары бойынша, сот жауапкерлерден уақытылы төленбеген негізгі борыштың сомасы – 6 982 192,33 теңге өндірілді. Талап арыздың индексация сомасын – 11 409 403,66 теңгені өндіру туралы өтініш білдірген бөлігін қанағаттандырудан бастартылды. Сөйтіп, сот Банктің қарыз алушының есебінен баю әрекетін заңсыз деп танып, қарыз алушының құқығын қорғады. Сот шешімі заңды күшіне енді [5].

Бізге белгілі болғандай, кепілге салынған мүліктен өндіріп алу соттан тыс тәртіпте сату жолымен, сот тәртібімен де сату жолымен жүзеге асырылады (ҚР АҚ 318-б.). Банк заемы шартында соттан тыс тәртіппен кепілді сату қарастырылғанымен, банктің сотқа кепілге салынған мүлікті сату туралы талаппен жолдануына кедергі келтірмейді. Сондықтан банктер осы тәсілді тәжірибеде белсенді қолданады.

Банк заемы шарты бойынша жеке тұлғалардың қарыздары басқа қарыздармен салыстырғанда көп көлемді құрайды. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге – несие бойынша қарыздарын жабу үшін кепілге берілген мүлікті сатудан түскен қаржы жетіспеген жағдайда банкрот деп тану арқылы қарыздарынан құтылу жолы заңнамада қарастырылған, ал жеке тұлғаларда мұндай мүмкіндік жоқ. ҚР «Банкроттық туралы» Заңында жеке тұлғаның банкроттығы институты қарастырылмаған.

Сонымен бірге банктердің қарызды қайтармаған борышқордан өндіру туралы мәселеде талаптың ескіру мерзіміне қатысты мәселе де өзекті көкейтесті мәселелердің бірі. ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңының 37-б. бойынша, Банктердің кредит шарттарын тиісті дәрежеде орындамағаны үшін қарыз алушыларға қойған талаптарына талап қою мен қуынымның ескіру мерзімі қолданылмайды.

Банк міндеттеменің орындалуын кешіктіргені үшін өсімді төлеу туралы талапты банк қойған кезде ҚР АҚ-нің 364-б. 1-б. міндетті түрде сілтеме жасалуы тиіс: «Егер міндеттеменің орындалмауы немесе тиісті дәрежеде орындалмауы екі тараптың да кінәсінен болса, сот оған сәйкес борышқор жауапкершілігінің көлемін азайтады. Сот, егер несие беруші міндеттеменің орындалмауынан немесе тиісті дәрежеде орындалмауынан келтірілген залал көлемінің ұлғаюына қасақана немесе абайсызда себепкер болса немесе олардың азаюына ақылға қонымды шаралар қолданбаса, борышқор жауапкершілігінің мөлшерін де азайтады». Сондай-ақ ҚР АҚ-нің 297-б. да сілтеме жасалуы тиіс: «Егер төленуге тиісті айып (айыппұл, өсім) несие берушінің шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышқордың міндеттемені орындау дәрежесін және борышқор мен несие берушінің назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, айып төлеу мөлшерін (айыппұлды, өсімді) азайтуға құқылы».

Банктердің берген несиелері бойынша қарыздарды өндіру туралы істердің саны 2010 жылдан бері өсе бастады және олардың саны жыл сайын артуда. Бұл соңғы жылдары банктердің халыққа әр түрлі мақсаттарға несие беруінің көбеюіне байланысты. Алайда азаматтар ақшалай қаражат көзіне оңай қол жеткізіп, көп жағдайда өздерінің қаржы мүмкіншіліктерін дұрыс бағаламайды. Нәтижесінде әр түрлі себептерге және өмірлік жағдайларға байланысты алған несиені уақытында өтей алмайды, ал оның салдарынан банк алдында өздерінің міндеттемелерін орындай алмай, сот отырыстарына жауапкер ретінде тартылады. Айта кететін жайт, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 722-б. сәйкес, қаржылық мекеме қарыз алушыға алған несиесінің барлық сомасын қайтару туралы талап арыз беруге құқылы. Бірақ қазіргі уақытта сот органдары мұндай істерді мұқият қарап, істің барлық мән-жайын ескереді. Көп жағдайда банктердің талаптарын сот қанағаттандырып жатады, алайда кей жағдайларда борышкерлер өз дәлелдерін ұсынып, істі өз пайдасына шешетін фактілер де кездеседі. Өйткені азаматтық сот өндірісінде әр тарап өз мүддесін қорғайды. Сонымен қоса қаралған істердің тәжірибесі, қамтамасыз етусіз несиелерді берген банктердің өздері де кінәлі екендіктерін көрсетеді. Сондықтан бұл санаттағы сот істерін біржақты қарауға болмайды. Егер азаматтар өздерінің қаржылық мүмкіндіктерін дұрыс есептемесе, несие беретін мекеме де осыған байланысты барлық қауіп-қатерлерді ескермейді.

Сондай-ақ екінші деңгейдегі банк қызметкерлерінің борышкердің қарызы бойынша жасаған есептері судьяларға біршама проблемаларды жүктейді, яғни, не талап арыздың мазмұнында, не талап арыздың материалдарына тіркелген есептерінде қарыз нақты қай уақыттан бастап пайда болғаны жөніндегі және банк тарапынан осы қарызды өндіріп алуға шаралар қолданғаны немесе қолданбағаны жөніндегі мәліметтер болмайды. Осыған байланысты жауапкер есептелген қарыздың мөлшерімен келіспеген жағдайда, соттар қарыз нақты қай уақыттан бастап пайда болғаны жөнінде, қарызды өтеу есебіне борышкер тарапынан соңғы рет қашан төлем жасалғаны жөнінде және айыппұл мөлшері бойынша толық есеп беру үшін мамандарды шақыртуға мәжбүр болады.

Көптеген несиелік шарттар жасалу кезінде 100 пайыз кепілмен қамтамасыз етілген болатын, кейін жылжымайтын мүліктің құны төмендеген соң нарықтық баға бойынша несиелердің пайызы іс жүзінде аз. Сондықтан ҚР «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңының 37-б. 2-т. ережесі ерекше өзектілікке ие болып, кепіл берушіні іс жүзінде болған форс-мажорлық жағдайлардан қорғайды: «Ипотекалық шартты жасасу кезіне қарай негізгі міндеттемені толық қамтамасыз ететін

кепілге берілген мүлік негізгі міндеттеменің сомаларынан төмен бағамен соттан тыс тәртіппен сатылған кезде, сондай-ақ осындай мүлік кепіл ұстаушының меншігіне көшкен кезде, ипотеканың тоқтатылуымен бір мезгілде негізгі міндеттеме де тоқтатылады». Ал банктер бұндай жағдайда залал шегіп отыр, сол себепті барынша өз мүдделерін қорғауға тырысады. Мұндай мүмкіндік заңда қарастырылған: кепілге салынған мүлікті соттан тыс сатудан соттық тәртіппен сатуға көшуге рұқсат етілген.

Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасының заңнамасында келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет: егер кепіл (ипотека) туралы шартта кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен сату тәртібі қарастырылған болса және кепілге салынған мүлікті сатуға кепіл салушы келісім берген болса, онда соттан тыс сату жүргізілуі тиіс және де банк соттық тәртіпте сатуды қолдану туралы сотқа арызбен жолдануға құқылы емес. Егер де кепіл берушінің соттан тыс сату туралы жазбаша келісімі болмаса, онда кепіл туралы шартта қандай тәртібі қарастырылса да, соттық тәртіппен сату қолданылуы тиіс.

Мұндай ұсыныс ипотекалық қарыз бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету есебіне кепілге салынған мүлікке қатысты ішінара іске асырылуда. ҚР «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңының 25-б. 1-б. 2-т. бойынша, жеке тұлға болып табылатын ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша кепіл беруші ипотека тіркелген жердегі органда тіркелген ипотеканы өткізуді сот тәртібінен тыс жүргізуден жазбаша бастартуды бермеген жағдайда сенім білдірген тұлға саудасаттық туралы ресми хабарландыру жариялайды. Сөйтіп, егер ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша кепіл беруші – жеке тұлға ипотеканы өткізуді сот тәртібінен тыс жүргізуге қарсы болса, ол бастартуын тиісті жазбаша нысанда Әділет департаментінде тіркеп, жолдауы қажет, бұндай жағдайда сату соттық тәртіпте жүргізілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасында өндіріп алу жүргізілетін кепілге салынған мүлікке қатысты кезекті анықтауда ақаулық бар. Көп жағдайда бір несиелік шарт бойынша міндеттемені қамтамасыз ету есебіне жылжитын мүлік те, жылжымайтын мүлік те беріледі. Банк өтімді мүліктен, яғни жылжымайтын мүліктен, өндіріп алатыны рас. Бұған қатысты ешқандай заңнамалық шектеу де жоқ. Себебі борышқордың мүлкінен және кепіл болушының (үшінші тұлғаның) мүлкінен өндіріп алу кезегі заңнамада реттелмеген. Мысалы, ЖШС банктен несие алған, ол қаражатқа несиенің 100 пайызы көлемінде жер учаскесін сатып алған да, оны несие шарты бойынша міндеттемені қамтамасыз ету үшін банкке кепілге салған. Осы несие шарты бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша банкке үшінші тұлғаның меншігіндегі тұрғын үй берілген. Қазіргі уақытта қаржылық дағдарысқа байланысты жер учаскесінің нарықтық құны алғашқы кепілге салынған құнымен салыстырғанда төмендеп кеткен. Аталған жер учаскесі тұрғын үйден арзан бағаға бағаланған. Банк ипотекалық шарт бойынша кепілге салынған ЖШС-ке тиесілі жер учаскесін соттан тыс сатуды өткізбей, ЖШС-тен қарызды өндіру туралы және соттық тәртіппен үшінші тұлғаға тиесілі тұрғын үйден өндіріп алу туралы талап арыз береді. Бірінші сатыдағы сотпен, апелляциялық және кассациялық соттармен үшінші тұлғаға тиесілі тұрғын үйден өндіріп алу туралы талап қою – асығыстық, алдымен, ЖШС-ке тиесілі жер учаскесінен өндіру, кейін жер учаскесін сатудан түскен қаржы жетіспеген жағдайда ғана тұрғын үйден өндіріп алу туралы мәселе шешілуі тиіс деп шешеді [6; 287, 288].

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында банкроттық деп тануды орындауда несиелік міндеттемелер бойынша банкке кепілге салынған мүліктен өндіріп алу құқықтық реттеуге алынбаған. Мәселен, ЖШС банктен несие алып, міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету есебіне үшінші тұлға ипотека шарты бойынша мүлікті кепілге берген. ЖШС банкрот деп тану туралы өтінішті сотқа береді. Үшінші тұлғаның кепілге берген мүлкінен өндіріп алу туралы талап қандай тәртіп бойынша, қандай кезек бойынша, қандай құжаттармен рәсімделуі тиіс деген сұраққа заңнан жауап таба алмаймыз [6; 288].

Айып төлеу — қолданыстағы заңнама бойынша міндеттемелердің тиісті орындалуын қамтамасыз ету мен азаматтық құқықтарды қорғау тәсілі. Сот практикасына сәйес, банктердің қарыз сомасы мен келісілген айып төлеу жөніндегі талап қоюлары толық көлемде қанағаттандырылады. Бірақ кейбір жағдайларды айып төлеуді өндіру жөніндегі талап қоюлар жартылай қанағаттандырылып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 297-б. сәйкес борышкердің міндеттемелерді орындау деңгейін ескеріп және несие берушімен борышкердің мүдделері ескеріліп, жартылай қанағаттандырылған жағдайлары да бар. Мысалы, банкінің 1 000 000 теңге мөлшердегі негізгі қарызы, 1 200 000 теңге мөлшердегі айып төлеу жөніндегі талап қоюлары, яғни, айып төлеу

мөлшері 100 % астам болып отыр. Азаматтық істі қарау барысында келесі жағдайлар анықталды. 2007 ж. қараша айынан бастап борышкер банк келісімі бойынша қарызды төлеу міндеттемелерін орындамай келе жатқанын нақты біле тұра 2009 ж. шілде айына дейін банк ешқандай шара қолданбаған [7].

Тәжірибеде көпшілік банкілер тарапынан борышкерлерге талап қоюларын борышкер шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бастартқан уақыттан бастап бермейді, тек бірнеше жылдардан соң, міндеттемелерді орындамау нәтижесінде пайда болған банкіге келтірілген шығындар бойынша талап қоюлар беріледі, есесіне шығындар өседі.

Кей жағдайда сот борышкерге талап арызбен сотқа жүгіну және айып төлеуді өндіру жөніндегі талап қою келісіммен қарастырылған банкінің құқығы деген Банкінің пікірімен келіседі. Бірақ ҚР АҚ-нің 8-б. 4, 5-т. көзделген заң нормаларын назардан тыс қалдырмау қажет, яғни азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, зандардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс. Бұл міндетті шарт арқылы алып тастауға немесе шектеуге болмайды. Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасауы көзделеді.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа жаққа зиян келтіруге, құқықты басқа түрлерде қиянат жасап пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді. Осы баптың 3-5-т. көзделген талаптарды орындамаған жағдайда сот ол адамның тиісті құқығын қорғаудан бастарта алады.

Бірқатар жағдайларда судьялармен жауапкерлердің қиын қаржылық жағдайын, несие берушінің тарапынан шығындардың мөлшерінің өсуіне әкеп соғатын бұзылған құқықтарын қорғауға бағытталған шараларды қолданбау, келісіммен бекітілген төлемді жасамағаны үшін әр күнге салынатын санкцияларының шарттарының қаталдығы сияқты факторлар назарға алынған.

Кейінгі кезде жеке тұлғалар тарапынан банкілерге банк қарызының келісімін немесе кепілдеме келісімін, сатуларды өткізуді жарамсыз деп тану жөніндегі талап қоюлардың саны артқанын атап өткенді жөн деп санаймыз. Банкілік қарыз келісімін немесе кепілдеме келісімін жарамсыз деп танудың негізі болып тараптармен келісімге қол қоймау фактісі болып саналады.

Мысалы, Қызылорда қалалық сотының 2012 жылғы 27 қаңтардағы шешімімен «БТА Банк», «БТА Ипотека» АҚ-ның жауапкер Ж.Абубакирова, Н.Қилибасовтардан 19 319 267 тг өндіру, борышты кепіл мүліктен өндіру туралы талап арызы ішінара қанағаттандырылып, талапкердің пайдасына жауапкерден негізгі қарыз бен баж алымы – 616 976 тг өндірілген. Сот тараптар арасында 21.06.2007 ж. 240 айға жасалған несие шартының мерзімі өтпегенін, шарттың бұзылмағанын, АҚ-тің 722-б. 1-б. сай заем алушы заем нысанасын шартта көзделген тәртіпте және мерзімде қайтаруы тиіс екендігін көрсетіп, несиенің ағымдағы мерзімі өткізілген борышын ғана өндірген. Талаптың борышты кепіл мүліктен өндіру жөніндегі бөлігін АІЖК-нің 249-б. 1-б. сәйкес (дауды соттан тыс алдын ала шешу тәртібі сақталмаған және оны қолдану мүмкіндігі жойылмаған) қараусыз қалдырған. Шешім апелляциялық тәртіппен тексеріліп, өзгеріссіз қалдырылған.

Қызылорда қалалық сотының 2012 ж. 2 мамырдағы шешімімен талапкер «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның жауапкерлер И.Бижанова мен Т.Бижановтан несие борышын өндіру туралы талабы толық қанағаттандырылған. Мұнда да Банк 19.03.2007 ж. – 11.06.2007 ж. несие шарттарымен жауапкерлерге 204 айға барлығы 23 500 000 тг заем сомасын берген. Заем нысанасын, сыйақы, негізгі борыш пен сыйақыға есептелген айып сомаларын қосқанда талап сомасы 30 399 747 теңге жауапкерлерден толық өндірілген. Шешімге апелляциялық тәртіппен шағым берілмеген, заңды күшіне енген.

Қызылорда қалалық сотының 2012 ж. 3 қазандағы шешімімен талапкер «БТА Банк» АҚ-ның жауапкер У.Нуралиевадан банк несиесі бойынша борышын және сот шығындарын өндіру туралы толық қанағаттандырылып, талапкердің пайдасына негізгі қарыз сомасы – 891 548,19 тг, пайызға – 228 883,95 тг, комиссияға – 73840 тг, пайыз айыппұлына – 199 306 тг, негізгі қарыз айыпақысына – 324 518,32 тг, бажға – 46 675,12 тг, барлығы – 1 602 512,52 тг өндірілген [8].

Сонымен, жоғарыда қарастырылған сот тәжірибесіне жалпылама талдаулар көрсеткендей, АҚ-тің 297-б. егер төленуге тиісті айып (айыппұл, өсім) несие берушінің шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен несие берушінің назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, айып төлеу мөлшерін (айыппұлды, өсімді) азайтуға құқылы екендігі қаралған. Сот тәжірибесіне жасаған шолу көрсеткендей, облыс соттарының тәжірибесінде АҚ-нің 297-б. қолдануда да біркелкілік сақталмаған.

Банк заемы шартын құқықтық реттеу бойынша қарастырылған мәселелер келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Қолданыстағы азаматтық заңнама бойынша банк заемы шарты банктік қызметте қолданылатын қарыз шартының бір түрі болып табылады. Құқықтық табиғаты бойынша банк заемы шарты консенсуалды, екі жақты және өтеулі азаматтық-құқықтық шарт болып табылады.

2. ҚР Азаматтық кодексінің 727-б. 1-б. Банк заемы шартының анықтамасын келесідей редакцияда өзгертуді ұсынамыз: «Банк заемы шарты бойынша заем беруші заемшыға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беруге міндеттенеді, ал заемшы қарыз ақшаны пайдаланғаны үшін заем берушіге шартта айқындалып белгіленген қарыз сомасынан пайыздық мөлшерлеменен сыйақыны мерзімді төлеуге және қарызды уақытында қайтаруға міндеттенеді».

3. Банк заемы шарты қарыз шартының бір түрі болып табылады. Сондай-ақ 728-б. «Банктік қарыз шартының және микронесие беру туралы шарттың ерекшеліктері» деп аталады. Сол себепті ҚР Азаматтық кодексінің 727-б. қарастырылған «Банк заемы шарты» деген атаудың қазақ тіліндегі аудармасы қате деп санаймыз, сондықтан келесідей атауды ұсынамыз: «Банктік қарыз шарты».

4. Тәжірибеде банктердің несие беру барысында клиенттердің құқықтарын бұзатын жағдайлардың жиі орын алу себебі банк заемы шарты қосылу шарты болып табылады. Клиенттердің өзіне ыңғайлы жағдайларын шарттың мазмұнында көрсетуге мүмкіндіктері жоқ, банктің ұсынған жағдайларына көнуге мәжбүр, мәселен, қарызды қайтару жағдайлары, бөліп төлеу тәсілдері, кепіл беру жағдайлары және т.б. Сонымен қатар банктік қызмет көрсету тәртібін реттейтін нормалардың барлығы дерлік императивтік нормалар болғандықтан, шарт жасасу еркіндігі қағидасына қайшы келеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасы туралы» № 7 Нормативтік қаулысы. 2016 жылғы 25 қарашада қабылданды. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000007S.

2 Судом признан недействительным пункт Договора банковского займа. 03.03.2017 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: atr.sud.kz/rus/news/sudom-priznan-nedeystvitelnym-punkt-dogovora-bankovskogo-zayma.

3 Столичный суд признал незаконным установление комиссии за обслуживание банковского кредита АО «Казком-мерцбанк». [Электронный ресурс]. — Режим доступа: finance.nur.kz/1095740-stolichnyy-sud-priznal-nezakonnnoy-kom.html.

4 Абжанов Д. О комиссиях по банковским займам. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: www.zakon.kz/4794652-o-komissijakh-po-bankovskim-zajmam-d.html.

5 Суд признал действия Банка по обогащению за счет заемщика незаконными. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://sud.gov.kz/rus/news/sud-priznal-deystviya-banka-po-obogashcheniyu-za-schet-zaemshchika-nezakonnymi>.

6 Кусяпова Н.В. Судебная практика по спорам о взыскании задолженности по договорам банковского займа: материалы междунар. науч.-практ. конф. в рамках ежегодных цивилистических чтений, посвящ. 90-летию видного казахстанского ученого-цивилиста Б.В. Покровского и 20-летию юридической фирмы «Заңгер» (Алматы, 31 мая – 1 июня 2012 г.) / Н.В. Кусяпова; отв. ред. М.К. Сулейменов. — Алматы: КазГЮУ, 2012. — С. 285–290.

7 Дәненова А.А. Несие бойынша қарыз өндіру жөніндегі дауларға байланысты талап арыздарды қарау мен дайындау кезінде туындайтын мәселелер / А.А. Дәненова. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.krgoblsot.kz/nesie-boyunsha-aryz-ndru.html>.

8 Қызылорда облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі Апелляциялық сот алқасының 2012 жылы шарттық міндеттемені орындамаудан туындайтын даулар бойынша зиянды өтеу туралы азаматтық істерді қарау тәжірибесіне жасалған шолу. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: www.kyzylordasud.kz/files/sholydogovor.doc.

Г.А. Ильясова, Е.С. Карибаев

Некоторые вопросы правового регулирования договора банковского займа

В статье рассмотрены проблемы в отношении нарушения прав клиента при заключении договора банковского займа. В результате проведенного обобщения судебной практики выявлено, что некоторые условия в договорах банковского займа ущемляют права клиента: установление в договоре комиссии за обслуживание кредита, индексация обязательства и платежей по договору банковского займа, выданного в тенге, с привязкой к курсу доллара США на день оплаты. Определено, что на практике суды признали: обслуживание кредита нельзя расценивать как отдельную банковскую услугу, поэтому условие о комиссии за обслуживание кредита является

недействительным. Действия банка по обогащению за счет заемщика также считаются незаконными, поскольку согласно ст. 34 Закона РК «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» не допускается индексация обязательства и платежей по договору банковского займа, выданного в тенге, с привязкой к любому валютному эквиваленту.

Ключевые слова: банк, долг, кредит, договор банковского займа, правовая природа договора банковского займа, судебная практика, комиссия, вознаграждение.

G.A. Ilyassova, Ye.S. Karibayev

Some questions of legal regulation of the contract of a bank loan

Problems in the relations of violation of the client's rights at the conclusion of the contract of a bank loan are considered in article. As a result of the carried-out synthesis of jurisprudence it became known that some conditions in contracts of a bank loan violate the client's rights. This establishment in the commission agreement for service of the credit, indexation of the obligation and payments of the contract on the bank loan issued in tenge with a binding to US dollar exchange rate on the date of payment. Courts recognized that service of the credit can't be regarded as separate banking service therefore the condition about the commission for service of the credit is invalid in practise. Also actions of Bank for enrichment at the expense of the borrower is considered illegal as according to article 34 of the Law RK «About Banks and Bank Activity in the Republic of Kazakhstan», indexation of the obligation and payments of the contract of the bank loan issued in tenge with a binding to any currency equivalent isn't allowed.

Keywords: bank, debt, credit, contract of a bank loan, legal nature of the contract of a bank loan, jurisprudence, commission, remuneration.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Zhoharhy Sotynyn «Banktik haryz sharttarynan tuyndaityn daular boiynsha azamatyht isterdi karadyn sot praktikasy turaly» № 7 Normativtik kaulysy [About jurisprudence of consideration of civil cases on the disputes following from contracts of a bank loan the Standard resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, No. 7]. (2016, 25, November). *adilet.zan.kz* Retrieved from adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000007S [in Kazakh].
- 2 Sudom priznan nedeistvitelnym punkt dohovora bankovskoho zaima. 03.03.2017 h. [The court has nullified the clause of the contract of a bank loan. 03.03.2017]. *atr.sud.kz* Retrieved from atr.sud.kz/rus/news/sudom-priznan-nedeistvitelnym-punkt-dogovora-bankovskogo-zaima [in Russian].
- 3 Stolichnyi sud priznal nezakonnym ustanovlenie komissii za obsluzhivanie bankovskoho kredita AO «Kazkommertcbank» [The capital court recognized illegal establishment of the commission for service of the bank credit of the JSC «Kazkommertcbank»]. *finance.nur.kz* Retrieved from finance.nur.kz/1095740-stolichnyy-sud-priznal-nezakonnny-kom.html [in Russian].
- 4 Abzhanov, D. O komissiiakh po bankovskim zaimam [About the commissions on bank loans]. *zakon.kz* Retrieved from www.zakon.kz/4794652-o-komissijakh-po-bankovskim-zajmam-d..html [in Russian].
- 5 Sud priznal deistviya Banka po obohashcheniiu za schet zaemshchika nezakonnyimi [The court recognized actions of Bank for enrichment at the expense of the borrower illegal]. *sud.gov.kz* Retrieved from sud.gov.kz/rus/news/sud-priznal-deystviya-banka-po-obogashcheniyu-za-schet-zaemshchika-nezakonnnyimi [in Russian].
- 6 Kusyapova, N.V. (2012). Sudebnaia praktika po sporam o vzyskanii zadolzhennosti po dohovoram bankovskoho zaima [Jurisprudence on disputes about collecting debt on contracts of a bank loan]. *Materialy mezhdunar. nauch.-prakt. konf. v ramkakh ezhegodnykh tsivilisticheskikh chtenii, posviashchenoi 90-letiiu vidnoho kazakhstanskoho uchenoho-icivilista B.V. Pokrovskogo i 20-letiiu iuridicheskoi firmy «Zanher» (Almaty, 31 maia-01 iunია 2012 h.) – Materials of international scientific and practical conference within annual civil readings, devoted to the 90 anniversary of the prominent Kazakhstan scientist-civilian B.V. Pokrovsky and the 20 anniversary of the Law firm «Zanger» (Almaty, 31 may-1 june 2012)*. M.K. Suleymenov (Ed.). Almaty: Kazakh Humanitarian Law University [in Russian].
- 7 Danenova, A.A. Nesie boiynsha karyz ondiru zhonindehi daularha bailanysty talap aryzdardy karau men daiyndau kezinde tuyndaityn maseleler [The problems arising by consideration and preparation claim the statement on disputes about compensation of a credit debt]. *www.krgoblsot.kz* Retrieved from www.krgoblsot.kz/nesie-boiynsha-aryz-ndru.html [in Kazakh].
- 8 Kyzylorda oblysty sotynyn azamatyht zhane akimshilik ister zhonindehi apelliatsiialyk sot alkasynyn 2012 zhyly sharttyk mindetemeni oryndamaudan tuyndaityn daular boiynsha ziiandy oteu turaly azamatyht isterdi karau tazhiribesine zhasalhan sholu [Synthesis of jurisprudence appeal board on civil and administrative cases of the Kyzylorda regional court]. *kyzylordasud.kz* Retrieved from www.kyzylordasud.kz/files/sholydogovor.doc [in Kazakh].